



Басты бет / Заңнама / Заңнама

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіптік одақтардың қызметі және еңбек қатынастарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 27 маусымдағы № 212-V ҚРЗ

← [Қайта оралу](#)

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін [2-баптан](#) қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының [Азаматтық іс жүргізу кодексіне](#) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 18, 644-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 21-22, 281-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 10, 49-құжат; № 14, 109-құжат; № 15, 138-құжат; 2004 ж., № 5, 25-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 140-құжат; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; № 24, 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 15-16, 62-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 127, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 3-4, 12-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 17-18, 111-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 151-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 28-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 23, 179-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 93-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 64-құжат; № 14, 72, 74-құжаттар; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 6, 9-құжаттар; № 4-5, 24-құжат):

[174-баптың](#) бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы үшінші

сөйлеммен толықтырылсын:

«Ереуілдерді заңсыз деп тану туралы азаматтық істер сотқа талап арыз келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қаралады және шешіледі.».

2. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан

Республикасының [Еңбек кодексіне](#) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 9, 65-құжат; № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 24, 146, 148-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 6, 45-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 123-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 15-құжат; № 7, 36-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 78, 81-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 49-құжаттар):

1) мазмұнында:

[230-баптың](#) тақырыбы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 230-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

«230-1-бап. Азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімдері»;

мынадай мазмұндағы 28-1-тараудың тақырыбымен толықтырылсын:

«28-1-тарау. Кәсіптік одақтың кәсіподақ органдарының құрамына кіретін қызметкерлердің еңбегін реттеу ерекшеліктері»;

мынадай мазмұндағы 257-2-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

«257-2-бап. Кәсіптік одақтың кәсіподақ органдарының құрамына кіретін қызметкерлердің еңбегін реттеу»;

[268-баптың](#) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«268-бап. Республикалық, салалық, өңірлік комиссиялардың негізгі мақсаттары, міндеттері және функциялары»;

мынадай мазмұндағы 328-1 және 328-2-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

«328-1-бап. Бақылау субъектісіне бару

328-2-бап. Ведомстволық есепке алу»;

2) [1-баптың](#) 1-тармағында:

[12\) тармақша](#) алып тасталсын;

[60\) тармақша](#) мынадай редакцияда жазылсын:

«60) қызметкерлердің өкілдері – кәсіптік одақтардың, олардың бірлестіктерінің органдары, ал олар болмаған кезде қызметкерлердің жалпы жиналысында (конференциясында) қызметкерлердің (конференция делегаттарының) кемінде үштен екісі қатысқан кезде қатысушылардың көпшілік даусымен онда қызметкерлер сайлаған және уәкілеттік берген сайланбалы өкілдер»;

мынадай мазмұндағы 69-1) және 73-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«69-1) разрядаралық коэффициент – сабақтас тарифтік-біліктілік разрядтардың тарифтік мөлшерлемелері арасындағы арақатынас»;

«73-1) татуластыру рәсімдері – ұжымдық еңбек дауын

алғашында татуластыру комиссиясында, ал онда келісімге қол жеткізілмеген кезде – еңбек төрелігінде, сондай-ақ медиация рәсімін қолдана отырып, тараптардың өзара келісуі бойынша реттілікпен қарау;»;

3) **15-бапта:**

мынадай мазмұндағы 14-1) және 25-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«14-1) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін азаматтық қызметшілердің штат санының лимитін бекітеді;»;

«25-1) жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу, бекіту және қайта қарау тәртібін белгілейді;»;

4) **16-бапта:**

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) еңбек жөніндегі үлгілік (салалық, салааралық) нормалар мен нормативтерді ауыстыру және қайта қарау тәртібін белгілейді;»;

мынадай мазмұндағы 7-1), 7-2) және 17-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«7-1) тиісті қызмет салаларының мемлекеттік органдарымен келісу бойынша барлық қызмет салалары үшін бірыңғай (салааралық), еңбек жөніндегі үлгілік нормалар мен нормативтерді әзірлейді және бекітеді;

7-2) әкімшілік персоналға жататын қызметкерлер лауазымдары атауларының тізбесін әзірлейді және бекітеді;»;

«17-1) тиісті қызмет салалары бойынша азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімдерін келіседі;»;

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«18) тиісті қызмет салаларының уәкілетті мемлекеттік органдарының еңбек жөніндегі үлгілік (салалық, салааралық) нормалар мен нормативтерді бекіту тәртібін белгілейді;»;

мынадай мазмұндағы 25-1) тармақшамен толықтырылсын:

«25-1) еңбек төрелігі туралы үлгілік ережені бекітеді;»;

5) 28-баптың 1-тармағының **1) тармақшасы** мынадай редакцияда жазылсын:

«1) тараптардың деректемелері:

жұмыс беруші жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), оның тұрақты тұрғылықты жерінің мекенжайы және тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы мәліметтер, жеке басын куәландыратын құжаттың атауы, нөмірі және берілген күні, жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі);

жұмыс беруші заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері, жұмыс беруші заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу нөмірі мен күні, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), оның тұрақты тұрғылықты жерінің мекенжайы және тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы мәліметтер, жеке басын куәландыратын құжаттың атауы, нөмірі, берілген күні, жеке сәйкестендіру нөмірі;»;

6) 31-баптың 1-тармағының **7) тармақшасы** алып тасталсын;

7) **53-бап** мынадай редакцияда жазылсын:

«53-бап. Мерзімінің өтуіне байланысты еңбек шартын

тоқтату

1. Егер екі тараптың келісуімен еңбек шарты тоқтатылса, онда...

1. Белгілі бір мерзімге жасалған еңбек шарты мерзімінің өтуіне байланысты тоқтатылады.

2. Еңбек шартында келісілген мерзімге сәйкес қызметкердің соңғы жұмыс күні белгілі бір мерзімге жасалған еңбек шартының мерзімі өткен күн болып табылады.

Егер еңбек шартының мерзімі өткен соң еңбек қатынастары іс жүзінде жалғаса берсе және тараптардың ешқайсысы бұлардың тоқтатылуын талап етпесе, онда шарттың қолданылуы белгіленбеген мерзімге ұзартылды деп есептеледі.

3. Жұмыстың аяқталған күні белгілі бір жұмыстың орындалу уақытына жасалған еңбек шартының мерзімі өткен күн болып табылады.

4. Жұмыс орны (лауазымы) сақталған қызметкердің жұмысқа шығатын күннің алдындағы жұмыс күні уақытша болмаған қызметкердің орнын ауыстыру уақытына жасалған еңбек шарты мерзімінің өткен күні болып табылады.»;

8) 58-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы алып тасталсын;

9) 117-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Еңбек жөніндегі үлгілік (салалық, салааралық) нормалар мен нормативтерді тиісті қызмет салаларының уәкілетті мемлекеттік органдары еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша ол белгілеген тәртіппен бекітеді.

Барлық қызмет салалары үшін бірыңғай (салааралық), еңбек жөніндегі үлгілік нормалар мен нормативтерді еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган тиісті қызмет салаларының мемлекеттік органдарымен келісу бойынша бекітеді.

3. Еңбек жөніндегі үлгілік (салалық, салааралық) нормалар мен нормативтерді ауыстыруды және қайта қарауды оларды бекіткен органдар еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.»;

10) 122-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Еңбекке ақы төлеудің ең төмен стандарты республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған айлық жалақының ең төмен мөлшерін және салалық келісімде айқындалатын салалық арттырушы коэффициенттерді есептеуден айқындалады.»;

11) 124-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«124-бап. Жалақыны индекстеу

Жалақыны индекстеуді жұмыс беруші Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде тиісті кезеңге айқындалған инфляция деңгейін негізге ала отырып, келісімдерде, ұжымдық шартта немесе жұмыс берушінің актісінде белгіленген тәртіппен жүргізеді.»;

12) 138-3-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ұлттық біліктіліктер шеңберін әзірлеуді еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган білім беру саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп жүргізеді және оны әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық комиссия бекітеді.»;

13) 138-4 баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Салалық біліктіліктер шеңберін әзірлеуді тиісті қызмет салаларының уәкілетті мемлекеттік органдары жүргізеді және оны әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссиялар бекітеді.»;

14) 140-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

14) **149-баптың** 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын.

«3. Әскерге шақыру және мерзімді әскери қызмет уақытында қызметкердің жұмыс орны (лауазымы) сақталады.»;

15) **171-баптың** 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Келісу комиссиясының қызметкерлерден тұратын мүшелері қызметкерлердің жалпы жиналысында (конференциясында) сайланады. Келісу комиссиясының жұмыс берушіден тұратын мүшелері жұмыс берушінің актісімен тағайындалады. Келісу комиссиясының мүшелері бірінші ұйымдастыру отырысында көпшілік дауыспен өз құрамынан төраға мен хатшыны сайлайды және тараптардың келісімімен медиаторды тарту туралы мәселе шешіледі.»;

16) **172-бап** мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жеке еңбек дауларын қарау жөнінде органдарға жүгіну мерзімінің өтуі қаралып жатқан жеке еңбек дауы бойынша медиация туралы шарттың қолданылу кезеңінде тоқтатыла тұрады.»;

17) **185-баптың** 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жүкті әйелдермен, үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдермен, он төрт жасқа дейінгі баланы (он сегіз жасқа дейінгі мүгедек баланы) тәрбиелеп отырған жалғызбасты аналармен, аталған балалар санатын анасыз тәрбиелеп отырған өзге де адамдармен еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзуға, осы Кодекстің 54-бабы 1-тармағының 1), 3) – 19) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, жол берілмейді.»;

18) **195-баптың** 1-тармағының 3) тармақшасындағы «немесе» деген сөз «не» деген сөзбен ауыстырылсын;

19) **230-бап** алып тасталсын;

20) мынадай мазмұндағы 230-1-баппен толықтырылсын:

«230-1 бап. Азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімдері

Азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін әзірлеуді және бекітуді тиісті қызмет салаларының уәкілетті мемлекеттік органдары еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша жүргізеді.»;

21) мынадай мазмұндағы 28-1-тараумен толықтырылсын:

«28-1-тарау. Кәсіптік одақтың кәсіподақ органдарының құрамына кіретін қызметкерлердің еңбегін реттеу ерекшеліктері

257-2-бап. Кәсіптік одақтың кәсіподақ органдарының құрамына кіретін қызметкерлердің еңбегін реттеу

Кәсіптік одақтың кәсіподақ органдарының құрамына кіретін қызметкерлердің еңбегі «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының **Заңында** көзделген ерекшеліктермен бірге осы Кодекспен реттеледі.»;

22) **263-бапта:**

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Әлеуметтік әріптестікті республикалық деңгейде ұйымдастыруды қамтамасыз ету еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға жүктеледі.»;